**Автор**: ЕРМУХАМБЕТОВА ЖАНАР ЗАКАРЬЯНОВНА
**Пән**: Дүниетану. Тарих компоненті
**Сынып**: 4-сынып
**Бөлім**: Қоршаған ортаны қорғау
**Тақырып**: Тау өсімдіктері мен жануарлары

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | Таулы жердің ауа-райы, ондағы өсетін  өсімдіктер мен жануарлары туралы білім беру, олардың әртүрлілігі туралы білім қалыптастыра отырып, танымдық белсенділігін арттыру. |
| Сабақтың мақсаты: | Таудағы өсімдіктер мен жануарлар туралы мәлімет беру. |
| Тілдік мақсаттар: | |
| Күтілетін нәтиже: | Тау туралы түсініктері кеңейеді. <br>Тау өсімдіктері мен жануарларының түр түсін біледі.. <br>Тау өсімдіктері мен жануарларының әртүрлілігін байқайды. Еліміздегі тау атауларын біледі. |
| Бағалау критерийлері: | Тау туралы түсініктері кеңейеді. <br>Тау өсімдіктері мен жануарларының түр түсін біледі. <br>Тау өсімдіктері мен жануарларының әртүрлілігін байқайды. Еліміздегі тау атауларын біледі. |
| Құндылықтарды дарыту: | Елжандылыққа баулу |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | https://bilimland.kz/kk/courses/education-movies/televizionnye-programmy/5-minut-obo-vsyom/lesson/001-tyan-shyandahy-zhota-ustirt-tosap-dzhem |
| Пәнаралық байланыс: | география |
| Бастапқы білім: | |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5 минут) | Психологиялық ахуал орнату.<br>Табиғат көрінісі бейнеленген суретті көрсету.<br>Сөзжұмбақ шешу.  1.Жер бетінің жазықтан 200метрден астам биіктікке көтеріліп жатқан бөлігін не (тау) деп атайды?  2.Әйгілі «Медеу» мұзайдыны қай таудың беткейінде орналасқан? (Алатау)  3. Өзен, көл, батпақ-бәрі жалпылай не деп аталады? (Суқойма)  4.Мөлдір ағын сулар мен тоғандарда нелер өседі? (Балдыр)  5.Тобылғы қайда өседі? (Дала)  6.Су құсы? (Бірқазан)  «Таулар» деген сөз шығады. | |
| Сабақтың ортасы (27 минут) | Тау өсімдігі мен жануарлары.    Оқушылардың алдына оқулықтағы мәтінді бөліктерге бөліп беру. Іштей оқиды.     Тау өсімдіктері мен жануарлары туралы бейнетаспаны көру.<br>1.Тау шалғынынан жоғарыда (тундра, шөл, дала) орналасады.<br>2.Қазақстандағы ең биік таулар оңтүстік және солтүстік және солтүстік шығыстағы  (Тянь-Шань, Анд, Алтай) және шығыстағы (Алтай, Анд, Тян-Шань).<br>3. (Самырсын, Қайың, Емен) майынан бүйрек, бауыр, өкпені емдейтін дәрі жасалады.  4.(Тянь-Шаньда, Қазығұртта, Каратауда) шырша өседі. 5.Таулы жер өсімдіктеріне (Грейг қызғалдағы, Алтай бәшешегі,, шеңгел, сексеуіл, бақбақ күймесгүл ) жатады Дәптердегі тау өсімдіктері мен жануарларын белгілеп, аттарын дәптерге жазады. (Шетен, арқар, бүркіт, қойбүлдірген, барыс)  Семантикалық картамен жұмыс: | https://bilimland.kz/kk/courses/education-movies/televizionnye-programmy/5-minut-obo-vsyom/lesson/001-tyan-shyandahy-zhota-ustirt-tosap-dzhem |

| **Сабақкезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>(5 минут) | Тест тапсырмасын орындау. | |
| Рефлексия<br>(3 минут) | Оқушылар, бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?<br>Жұлдызша, төртбұрыш, үшбұрыш пішіндерін  «Қыран» құсына (өз білімдеріне сай ) бекітеді.  -Ненің бейнесі?  -Қыран біздің көк туымызда да бейнеленген. Қыран- кең далада, биікте ұшатын, тауды мекендейтін құс екен. «Рухани жаңғырудың» символы ретінде осы құсты алу бекер емес. Біз өз білімімізді дамытып,, мәдениетімізді жоғарылатып, салт-дәстүрімізді бағалай отырып, еліміздің табиғи байлығын сақтаумен рухани жаңғыруға өз үлесімізді қосамыз. | |